

## САРАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН БИОЛОГИЯНЫ ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІ

### АННОТАЦИЯ

*Білімді даралап, саралап берудің басты бағыттарының бірі – дарынды, талантты балалар мен жас өспірімдерді оқыту. Кейінгі кезде мұндай өзекті мәселеге әлемдік педагогикалық қауымдастық қызығушылық танытуда. Алдыңғы қатарлы озық әдістемелердің бірі – Кембриждік оқыту тәсілдерінде де саралап оқытуға айрықша мән беріліп отыр. Мектепте биологияны оқыту барысында саралап оқытудың тиімділігі көрсетілді.*

**Түйінді сөздер:** *Кембриждік оқыту, биологияны оқыту, саралап оқыту.*

### АННОТАЦИЯ

*Одно из направлений дифференцированного и индивидуального обучения – это работа с одаренными и талантливыми учениками. В последнее время педагогическое сообщество уделяет особый интерес этому вопросу. Один из передовых методов обучения – методы обучения по Кембриджской системе тоже подчеркивает важность дифференцированного обучения. В статье также показан эффективность дифференцированного обучения биологии.*

**Ключевые слова:** *Кембриджское обучение, обучение биологии, дифференцированное обучение.*

### ABSTRACT

*One of the directions of the differentiated and individualized education - is to work with gifted and talented students. Recently, pedagogical community has a special interest in this issue. One of the best methods of teaching - learning methods of the Cambridge system also emphasizes the importance of differentiated instruction. The article also illustrates the effectiveness of differentiated teaching biology.*

**Keywords:** *Cambridge learning, biology, differentiated instruction.*

Өткен ғасырдың 30 жылдарында Америкада, ал 60 жылдарда білім беру мен оқытуда саралау үрдісі кеңінен етек алғаны мәлім. Бұл үрдіс бүгінгі таңда Қазақстанға да келіп жетті. Оқушылардың бейімділігін, қызығуын, үлгерімін анықтай отырып оқыту, яғни саралап оқыту қазіргі мектептердің даму бағытына айналып отыр. Саралау – оқу мекемелерінің түрлеріне, бір мектептің кәсіби бағдары мен өз ішіндегі ағымына және сыныптағы топқа бөлінеді. Білім беруде, саралап оқытуда қарама-қайшылық та кездеседі [1].

Жалпы саралап оқыту бастауыш мектепті бітіргеннен кейін басталады. Англияның мектептерінде, Германияның нақты училище, гимназия және негізгі мектептерінде, Францияның технологиялық, кәсіби және жалпы білім беретін лицейлерінде, гимназияларында және басқа мемлекеттердің әртүрлі атақты мектептерінде саралап оқыту тәжірибелері қалыптасқан. Бұл оқу мекемелерінің ерекшелігі – олардың оқу бағдарламаларында. Бір мекеменің өз ішінде саралап оқыту, әсіресе Америка мен Жапония мектептерінде кеңінен тараған [2].

Білімді даралап, саралап берудің басты бағыттарының бірі – дарынды, талантты балалар мен жас өспірімдерді оқыту. Кейінгі кезде мұндай өзекті мәселеге әлемдік педагогикалық қызығушылық бары байқалады. Соның бір айғағы ретінде жоғарғы қабілетті Еуропалық ассоциация құрылды. Ассоциацияның басты мақсаты-дарынды балаларды зерттеу, қолдау және мадақтау. Мұндай саясат Қазақстанда да жүріп жатыр («Болашақ» бағдарламасы, «Дарын» орталығы). Ғалымдардың есептеуі бойынша әрбір жас ерекшелігіне байланысты топта 3 пайыздан 8 пайызға дейін өте талантты оқушылар болады. Бірақ, олардың барлығы мадақтала бермейді, АҚШ-та дарынды балалардың 40 пайызы анықталады, ал Францияда олардың 5 пайызы жоғарғы мектепке қабылданбайды.

Англияда дарынды балаларды зерттеу орталығы бар. Мұнда дарынды балалармен жұмыс істейтін мектептер, арнаулы бөлімдер және тездетіп, тереңдетіп оқытатын курстар жетерлік. Ағылшын педагогтерінің дарынды балаларды оқыту әдістемесі бойынша диагностикалық тестілеу тәжірибелері мол.

Германияның Гамбург қаласында 1985 жылдан ерекше қабілетті оқушылармен шұғылданатын қызмет орны жұмыс істейді.

Францияда 80 жылдардың ортасынан бастап кейбір бастауыш оқу мекемелерінде талантты балаларға арналған сыныптар пайда бола бастады. 90 жылдардың басында Страсбургте ойлау қабілеті өте жоғары балаларға арналған ерекше мектеп ашылды.

Ресей де ұлттық элитасын тәрбиелеу қажеттілігін түсінуде. 1989 жылы «Талантливые дети» атты кешенді бағдарлама жасалды, арнаулы «Ресейлік мәдени қор» ұйымдастырылды, қаражат бөлінді. 1996 жылы бұл қор 229 дарынды оқушыларға стипендия бөлді.

Дүние жүзінде болып жатқан мұндай құбылыстан Қазақстан да қалыс қалып отырған жоқ. Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің балаларымыз біліктілігі жоғары мамандар болады, оларға жағдай жасау керек» делінген.

Республикада «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы құрылған. Мақсаты – еліміздегі талантты да дарынды балаларды тауып, сапалы білім беру көптеген авторлық мектептер, гимназиялар, лицейлер және жеке меншік мектептер ашылуға. Ең таңдаулы жастар шет елге оқуға жіберіліп тұрады. Балаларды саралап оқытуда тестік жүйе кеңінен тарап келеді. Білім беру саласында әлемде болып жатқан үрдіске қосылуымыздың өзі егемендік алуымызбен тікелей байланысты. Саралап оқыту идеясы әлемде 30 жылдардан басталса, Қазақстан мектептері үшін инновациялық (жаңаша) бастамалардың оң нәтижелері аз зерттеліп отыр.

Саралап оқытудың басты бағытының бірі-толықтыра оқыту, яғни үлгерімі төмен оқушыларға қосымша педагогикалық күш жұмсау. Толықтыра оқыту дегеніміз-үлгермеушілікті жою мақсатында өзіндік бағдарламамен оқыту.

Жапонияда толық мәнді жалпы білім бергісі келетін ата-аналар балаларын көп тараған мектептерден гөрі толықтыра оқытатын жеке меншік мектептерге (дзюку) береді. Мұндай мектептер оқушылардың барлық жасына арналған. Дзюза мектебі Күншығыс елінде жылдан-жылға кеңінен тарап келеді. Дзюзада мұғалімдік қызметті негізінен, студенттер атқарады. Мұнда жоғарғы оқу орнына түсем деушілерге және бұрын оқуға түсе алмағандарға арналған жеке меншік оқу орындары да кеңінен тараған. Онда, негізінен, алдыңғы қатарлы университеттердің профессорлары сабақ береді. Тек қана Токионың жеке меншік оқу орындарында жыл сайын 150 мың оқушы оқиды. Әлемде білім беру саласында саралап, саралап оқыту үрдісінің мәні осындай.

Орыс тілін орта мектепте саралап оқыту идеясы 1998-1999 оқу жылында қолға алынды. Мектептің басқа инновациялық мектептерден басты ерекшелігі сол, оқушыларға оқу бітіргенше үш рет сыныптарды таңдап алуға құқық берілген. I кезең - 5 сыныпта, II кезең - 8 сыныпта, III кезең -10 сыныпта. Алдын ала зерттеуге жүгінсек, шамамен оқушылардың 30 пайыздайы гимназия сыныптарын қайта таңдап алатындығы белгілі болып отыр.

Мектепшілік саралап оқытуда елеулі жетістіктерге жету үшін мынандай мақсаттар қою керек:

- нақтылы бағдарлама жасау;
- педагогикалық ұжым білім беру мен оқытуда саралаудың теориясы мен әлем педагогикасының іс-тәжірибесімен қаруланған болуы;
- материалдық базаның жеткілікті болуы;

Қазақстан мектептерінің осы бағытта қандай жетістіктерінің барлығы толық зерттелмегенімен, аз-кем жұмыстар істелініп жатыр деуге толық негіз бар. Сондай-ақ Қазақстанда білім берудің мемлекеттік емес саласы да кеңейе түсуде. Қазіргі таңда мемлекеттік емес мектептерде 15 мың бала оқып жүр. Білім жөніндегі қызмет нарығы құрылды, кез-келген нарық сияқты ол да бәсекелестік заңдарымен дамып келеді. «Білім туралы» жаңа заң, «Білім» атты мемлекеттік бағдарлама, осы көкейкесті мәселе бойынша бірқатар маңызды шешімдер қабылданды. Осы арқылы білім беру жүйесін нарық ұстанымдарының талаптарын ескере отырып, дамытуға жаңаша жағдайлар жасалды.

Мектептерде биологиядан үздік, дарынды оқушылар бар, олардың үміт талабын, бағыт-бағдарын дамытуда саралай оқыту-бүгінгі күннің алға қойған міндетін шешудің негізгі жолы. Саралай оқыту 2 кезеңнен тұрады:

- дайындық кезеңі;
- негізгі кезең.

Дайындық кезеңдерінің басты міндеттерінің бірі – шәкірттер ішінен талантты, дарындыларды тауып, олардың қабілеттерін дамыту, биология ғылымы бойынша білімге құштарлығын қанағаттандырып, белсенділіктерін арттыру.

Негізгі кезең – оқушыны ынталандырған тақырыптарды айқындап, ондағы ғылыми тақырыптарды тереңдете оқытуға назар аудару. Қазіргі кезде жарияланған бағдарламалар ішінен оқушы талғамына сай келетін түрін таңдап алу қажет.

Таңдап алынған бағдарламаға сай әрбір пәндерге бөлінетін сағат санын пайдалы әсер коэффициенті жоғары дәрежеге жеткізе еңбек етуді мықтап ойластырған жөн. Бұл арада мұғалім оқулықтар, оқу құралдары, зертхана, кабинет жабдықтарын кеңінен пайдаланып, уақытпен санаспай, шәкірт уақытын аялап, жалықпай, жауапкершілікпен еңбектенсе ғана көздеген мақсат жүзеге асады.

Дифференциалды оқытуды жүзеге асыру үшін жүйелі түрде шәкірттерге күрделілігі әртүрлі жұмыстарды есептеуге беріп, оған қайталанатын жауаптарына назар аударуы, нәтижелерін арнаулы күнделік дәптерге жазу, басқа пән мұғалімімен пікір алысып, оқушының өзімен сырласуы, ата-ананы одақтас етіп, ынтымақтастықты арттыру істің нәтижелі болуына мүмкіндік жасайды [3, б. 24]. Талапты, талантты шәкірттерге қосымша тапсырма беру, әдебиеттер, есептер жинағын, оқу құралдарын ұсыну, сонымен бірге талап-тілектеріне сай қосымша уақыт бөліп, бірлесе сынақ-тәжірибелер жасау, жаппай жасалатын зертханалық жұмыстар даярлауда көмекке шақыру, көрнекі көрсетілетін тәжірибелерді жасауда жәрдемдесу, біріге еңбек ету – дифференциалды оқытудың маңызды міндеті. Сондай-ақ сыныптан тыс жұмыстарда пәндік апталықтар өткізуде негізгі көмекшілер тағайындауға, жалпы басшылықты талапты, ұйымдастыру қабілеттері бар жас жеткіншектерге беріп, үйрету назардан тыс қалмағаны жөн. Мұғалім оқушыларға көптеген тамаша кештерден ең қызықтысын іріктеп алудың тәсілдерін үйретуі тиіс.

Оқыту-тәрбиелеу жұмыстарын жүргізу барысында әрбір тоқсанда оқу үлгерімдеріне сай кейбір шәкірттерді тереңдетіліп оқытатын курсқа ауыстыру мүмкіндігін қарастырудың шәкірттердің еңбектерінің лайықты бағаға ие болуын ойластырып, оларды жүзеге асырудың берері аз болмаса керек.

Дифференциалды оқытуда талдап-жинақтай баяндау элементтерін пайдалану, ұқсастықтар, қорытындылаулар, нақтылаулар, модульдеу және ой елегінен өткізулер арқылы өздігінен білімдерін жетілдірулер, оқу материалын қысқаша конспектілеу, тірек конспектілер жасау, негізгілерін ықшамдап жазу, келелі мәселелер ұстанымын пайдалану табысқа жеткізетінін ескеру нәтижесінде шәкірттерді сенімді көмекші ете білу мен табыс көзі болып саналады. Дарынды шәкірттерді даралауды дифференциалды оқытуға баса назар аудару – болашақ ұрпақтың білікті маман болуына жол ашылады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Педагогические мастерские: Франция-Россия. /Под ред. Э.С.Соколовой. -М.: Новая школа, 1997. – 128 с.
- 2.Қадашева К. Жаңаша жаңғыртып оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері. - Пед.ғыл.докт.дисс.авторефераты. – Алматы, 2002. – Б. 7.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.